

ӘН... КҮЛӘШ... САҒЫНЫШ...



Осыдан 30 жыл бұрын, 1972 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде (24 қараша) «Чудо!» деген мақала басылды. Авторы – Ғабит Мүсірепов. Күләш Байсейітованың туғанына 60 жыл толуына байланысты жазылған.

Чудо! Қандай тамаша атау – әрі қысқа, әрі нұсқа. Классик жазушы жазған мақаланың мазмұнын қайталағым келмейді, өйткені орысша ойлап, орысша жазатын ақынымыз

Олжас бір ретте Қонаев туралы «Я тоже имею право на воспоминания» деп қалды. Маған бұл сөздер ұнайды.

Менің де Күләш туралы бірер сөз айтуға қақым бар.

Тепсе темір үзетін, қайрап қойған қылыштай өткір, қайратым тау бұзатын албырт шағымда білім іздеп жұмақ бағындай жайнаған, апорттың жұпар иісі танауыңды жарып, қолқанды қарататын сұлу қала Алматы – Алматыға келгенде «опера деген не құбыжық» деп ойлап жүрген кезімде, оқып жүрген бір-екі жерлестер «Қыз Жібекке» шақырды.

Кең сахна. Көрермендер залы. Жастардан гөрі әскери киінгендер көп (соғыс жүріп жатқан кез). Ақ кимешекті әжелер де көзге түседі.

Шымылдық ашылды. Хан сарайының алдында гүл-гүл жайнап, уыздай жас құрбыларының қоршауында әндетіп шат көңілмен келе жатқан, қолаң шашы жерге түскен, Жайықтың ақ маралы, аты аңызға айналған Қыз Жібек.

Аралап талай жердің дәмін таттым,  
Құс салып айдын көлде дабыл қақтым.  
Айта алмай «Гәккуімді» ешбір адам,  
Маймандап қоңыр қаздай мамырлаттым...

Әсем ән құлақтан кіріп, бойынды билеп алады. Қыз Жібек десек, Күләш еске түседі, Күләш десек, ең алдымен арулардың аруы Жібекті айтамыз.

Кім ойлаған: арада он жыл өткен соң, «опера», «режиссер», «дирижер» деген атауларды алғаш рет естіген жігіт, Күләш Байсейітова, Шара, Құрманбек, Манарбектерді бірінші рет көрген азамат, Мәдениет министрінің тапсырмасымен Абай атындағы опера және балет театрының тарихын бірінші болып жазу абыройына ие болады деп.

Көп ойланып, көз ізденіп, архив құжаттарын ақтару арқасында, азапты еңбектің жемісі – театр туралы зерттеу 164 бет болды. Бірінші бетте К. Байсейітованың үлкен фотосуреті. Кеудесінде екі мәрте Сталиндік

(Мемлекеттік) сыйлық лауреаты және Жоғарғы Совет депутаты деген значок. Күләштің жарқын жүзі жайнап тұр. Соңғы түскен суреті. Нағыз шарықтап тұрған шағы.

\* \* \*

Кітап жазу кезінде опера тарландарымен алты ай уақыт жиі кездесуге тура келді. Директор – арыстандай айбатты, әрқашан да бұрқырап жүретін батыр Бекежанға ұқсас – Күрекең – Құрманбек Жандарбеков, партбюро хатшысы – Әнуарбек Үмбетбаев, ағайынды Ришат және Мүсілім Абдуллиндер, Манарбек Ержанов, т.б.

Хорға қатысып жүрген 20 жастағы жас Ермек Серкебаевпен сол кезде таныстым. Қазір – ең сүйікті әншім.

Күләш Байсейітовамен сан рет сұхбаттастық, әңгімелестік. Сахнаға шығар алдында рұқсат алып боянған, таралған кездерінде (қалың қолаң шаштары тобығына жетеді) үндемей қарап тұрған сәттер де болды...

Қызметшілер кіретін есіктен бірге шығып, Шевченко көшесіндегі мамандар үйіне («Дом специалистов» деп атаған) дейін шығарып салып, жол үстінде сұрақтар бердім.

Ата-анасы туралы аз білуші едім, нақты сауалдар қойдым. Күлекең Верныйда, қазіргі II-Алматы вокзалының маңында, зиратқа жақын жерде дүниеге келген. Әкесі Жасын Бейісов қарапайым етікші, қолы шебер болған. Анасы Зибажан үй қызметінде, уақ-түйек қолөнер бұйымдарын жасап, базарға апарып сатып, күнкөріске жаратқан.

Күләш айтады:

– Өте нашар тұрдық. Сіңірі шыққан кедейлер едік. Әкем балғасын тықылдатып отырып өте зарлы, мұнды әндерді жиі айтып отыратын. Бала кезімде мен күні бойы жанында отырамын. Ағам Айтбек жақсы әнші еді, гармонь тартатын. Солар әсер еткен болар. Нағашым – осы Манарбек.

– Сізді театрда қалай деп атайды? Күләш, Күлеке, Күләш Жасыновна?

– Соны өзім де аңғармаппын... Бас иіп өте шығамыз. Орыстар «Куляш Байсеитовна, здрасьте» деп жатады. Әкем атын қайдан білсін...

– Сізді бүкіл Одақ, Қытай біледі. Атақ-даңққа қалай қарайсыз? – дедім.

– Соны ойламаппын, – деп езу тартты.

– «Ұлық болсаң, кішік бол». Нағыз халық қызы еді...